

негізгі қоғамдағы тағайыны осы екендігін аңғартады. Егер, саяси-құқықтық ой әлемдік мемлекеттік құқықтық тәжірибенің дамуының қорытындысын, теориялық негізін көрсетеді десек, мемлекеттің әлеуметтік қызметін сол әлемдік тәжірибе дәлелдеген қажеттіліктің бірі болып табылады. Сондай-ақ, мемлекеттің мәніне терең бойлайтын болсақ, мемлекеттің негізгі мақсаты да қоғамдағы әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуге қызмет ету болып табылады.

1. Гоббс Т. Основы философии. Часть третья. О гражданине // Теория государства и права: Хрестоматия: В 2 т. / Сост. В.В. Лазарев, С.В. Липень. – М.: Юрист, 2001. – Т.1. - С. 278-280.
2. Монтескье Ш.Л. О духе законов // Теория государства и права: Хрестоматия: В 2 т. / Сост. В.В. Лазарев, С.В. Липень. – М.: Юрист, 2001. – Т.1. - С. 280-281.
3. Кант И. Метафизика нравов // Теория государства и права: Хрестоматия: В 2 т. / Сост. В.В. Лазарев, С.В. Липень. – М.: Юрист, 2001. – Т.1. - С. 282-283.
4. Гегель Г.В.Ф. Философия права // Теория государства и права: Хрестоматия: В 2 т. / Сост. В.В. Лазарев, С.В. Липень. – М.: Юрист, 2001. – Т.1. - С. 283-289.
5. Сорокин П.А. Эффективность деятельности государства // Хропонюк В.Н. Теория государства и права: Хрестоматия / Учебное пособие. – М., 1998. - С. 341-342.
6. Шершеневич Г.Ф. Задачи государства // Хропонюк В.Н. Теория государства и права: Хрестоматия / Учебное пособие. – М., 1998. - С. 346-350
7. Менделеев Д.И. Функции правительства (единство правительств и его значение: первичные и вторичные функции правительства) // Хропонюк В.Н. Теория государства и права: Хрестоматия / Учебное пособие. – М., 1998. - С. 198-200.

This article is devoted to idea's social function of the state's in political and legal idea's.

В данной статье рассматриваются идеи социальной функции государства в политико-правовой мысли.

М.К. Накишева

КОНФЕДЕРАЦИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, өзінің егемендігін сақтаған конфедерациялық мемлекеттік бірлестіктердің көптеп кездесетіндігін көре аламыз. Мұндай мемлекеттік бірлестіктер тарихи даму кезеңдерінің әрбір тұсында ұшырасып отырады. Кейіннен олар жойылып кетіп отырды немесе федеративтік мемлекеттік құрылымға ауысып отырған жағдайлар көптеп кездеседі.

Тарих тереңіне үңілетін болсақ, конфедеративтік құрылымдардың негізгілерінің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- Швейцария конфедерациясы (1891 - 1798 жж және 1815 - 1848 жж);
- Америка Құрама Штаттары (1781 - 1887 жж);
- Америка конфедерациялық штаттары (1861 - 1865 жж);
- Нидерланды провинцияларының біріккен Республикасы (1579 - 1795 жж).

Соңғы кезеңдерде, яғни ХХ ғасырларда да конфедерациялық құрылымдарды құру жалғасуда. Мұндай соңғы кезеңдегі әрекеттердің біріне, Сенегамбия, [1, 162-163 бб] Гамбия және Сенегал мемлекеттерінің қосындысынан тұратын конфедерациялық құрылымды жатқызамыз. Әрине, бұл конфедерация 1981 жылдары таратылған болатын.

Одан бірнеше уақыт бұрын, 1958 жылдың ақпан айында Египет пен Сирия конфедерациялық негізде Біріккен Араб Республикасын құрған болатын. [2, с. 3] Бұл мемлекеттердің Одағы онша көп уақыт өмір сүре қоймады. 1961 жылдың қыркүйек айында төңкерістің нәтижесінде Сирия мемлекеті өзінің конфедерация құрамынан шығатындығын және тәуелсіз Сирия Араб Республикасын құратындығын мәлімдеді. [3, с 128]

Конфедеративтік мемлекеттің кейбір элементтерін Біріккен Араб Әмірліктерінен де көруге болады. [4, с 37] Яғни екі мемлекет - Әбу Даби мен Дубай - өздерінің егемендік құқықтарын сақтаған. Оларға абсолюттік veto құқығы берілген. Олардың өзіндік әскері және ақша жүйесі бар.

Бүгінде (1980, 1995 жж) Канада провинциясы Квебекте екі рет, яғни оларға кең құқық беру жөнінде (оның ішінде Канададан бөліну құқығы) мемлекеттік референдум өткен болатын. Бірақ та, егеменді - ассоциация жобасы екі рет Квебек тұрғындары тарапынан қабылданбады. [5, с 183]

Қазіргі кезеңдерде Батыс Еуропаның елдері конфедерациялық құрылымға аяқ басуда. Конфедерация классикалық түрде әлемдік тәжірибеде бүгін жоқ. Мәселен, 1999 жылы қабылданған конституциясына сәйкес Швейцарияның тікелей аты «Швейцария конфедерациясы» болып табылуына қарамастан, оның шынайы мемлекеттік құрылымы федерация болып табылады. [6, с 220] Мұндай жағдайды Канададан кездестіреміз. Ел ішінде “конфедерация” сөзі қолданғанмен, нақты іс - жүзінде федерация [7, с 12] екені белгілі.

Конфедерацияның орта ғасырда дамыған мемлекеттік құрылым болғанына қарамастан, көптеген зерттеушілер әртүрлі ежелгі дәуірлердегі мемлекеттік бірлестіктерді мысалға көбінесе алға тартады. Оның ішінде Ахейлік одақты көптеген ғалымдар конфедерацияның классикалық үлгісі деп есептейді. Мысалы, И. Маевский Ахейлік және Этомийлік одақты конфедерация ретінде таниды. [8, с 6] Ал, А. Яценко оларды федеративтік мемлекет [9, с 259], - деп санайды.

Қазір біздің ойымызша, бұл таласты мәселені шешудің тек тарихи маңызы ғана бар. Ол мемлекеттік одақтар егемендік және конституция сияқты түсініктер қалыптасқанға дейін өмір сүрген болатын. Сондықтан да, қазіргі кезеңдердегі мемлекеттің құрылымның ерекшеліктерін айқындау әдістерін ежелгі одақтарға тікелей қолдану мүмкін емес.

Кезіндегі кеңестер одағында конфедерацияны буржуазиялық мемлекеттерге тән [10, с 120] құбылыс ретінде бағалау үстемдік құрған болатын. Бұрын теорияда орын алған көзқарастарда: “Буржуазный ученый, даже наиболее современный, берет эти различные виды государственных объединений всех исторических и даже доисторических эпох и ищет в них общие признаки, пытается свести их всех к единой абстрактной формуле. Такая работа бесплодна и нечего дать не может, кроме более или менее удачных, остроумных, даже блестящих формул без всякого содержания”, [11, с 84] - деген ой үстемдік құрды. Сондықтан да, ежелгі антика дәуіріндегі конфедерацияға қатысты пікірлер негізге алынбады.

XVII ғасырдың екіншіжартысы мен XVIII ғасырларда үш орталық Европалық конфедерациялар халықаралық деңгейде мойындалды. Олар 1648 жылғы Қасиетті Рим империясын бөлу жөніндегі Вестфаль шарты негізінде қалыптасқан болатын.

Оның біріншісі - Герман ұлтының Қасиетті Рим империясы болып табылды. Кейбір авторлар Герман ұлтының Қасиетті Рим империясын өзінің нысаны бойынша мемлекеттегі “мемлекет” деп санайды. Мұндай мемлекет өзінің билігін сюзеренитетке негіздей отыра, өзінің вассалдарына билік жүргізеді. Сюзеренитет құқықтық режим ретінде XX ғасырдың басында протекторатқа эволюциялық жолмен ауысқан болатын. Герман ұлтының Қасиетті Рим империясы 1806 жылға дейін өмір сүргенін біз білеміз. Неміс ғалымдары оны сондықтан да одақтас мемлекет (федерация) деп санай отыра, 1806 жылдары қайта құрылған мемлекеттердің одағы (конфедерация) деп мойындайды. Кейбір ғалымдар оны ежелгі Герман конфедерациясы деп те санайды. Ресей авторлары, оның ішінде Е.Р. Кастель Герман ұлтының Қасиетті Рим империясы федеративтік құрылысқа негізделген мемлекет деп тануға ешқандай негіз жоқ деп санайды. [12, с 19]

XVIII ғасырдағы конфедерациялардың ішінде 1579 - 1795 жж. Біріккен провинциялар - Нидерландыны ерекше атап өтуге болады. Бұл конфедерация өзінің таза конфедеративтік сипаты бойынша Швейцарияға, АҚШ - қа және Герман Одағына ғана орын берді. Әдебиеттерде Нидерланды конфедерация мен федерацияның ортасындағы мемлекет немесе мемлекеттер одағы деген көзқарастар кездеседі. А.Д. Градовский Голландия Республикасын басқа да конфедерациялармен салыстыра қарай отыра, оны құру жөніндегі 29 қаңтар 1579 жылғы Утрехт унии жөніндегі шартқа сүйене келе, одақтық мемлекеттердің ерекшеліктерін табады. [13, с 103]

Провинциялардан құрылған Республикалардың ерекшелігі олар мемлекет мәртебесін иеленген болатын. Жоғарыдағы айтқан 1648 жылғы Вестфаль шартының негізінде жаңа мемлекеттердің тәуелсіздігі мойындалды. Осы шарттың негізінде бірнеше тәуелсіз мемлекеттер (провинциялар) біріктірілді. Оны А.С. Яценко былай бағалайды: “Соединенные государство, предполагалось, не образовывало суверенитет отдельного и отвлеченного от суверенитета провинций, и оно считалось лишь потому суверенным, поскольку составляющие его провинции были суверенны”. [14, с 643] Біріккен провинциялардың республикасында мемлекеттің мәртебесі Герман ұлтының Қасиетті Рим империясына қарағанда мемлекет сюзеренитеті ретіндегі феодалдық қатынастардың сарқыншағы болып табылған жоқ. Біріккен провинциялардың республикасы бірнеше коллонияларды иемденді. Осы қырынан олардың біртұтас мемлекеттік сипаты көрінетін болған.

Осы жерде 1367 - 1669 жж аралығында өмір сүрген Ганзей лигасы туралы айта кеткен жөн. Оны көбінесе конфедерацияға жатқызады. [15, с 3] Кейбір авторлар мұндай пікірмен келіспейді. Г.Еллинек оны ортағасырлық қалалардың одағы деп бағаласа [16, с 566], ал А.А. Жилин болса, Ганзей мемлекетаралық емес, аймақтық деңгейдегі одақ болып табылды деп санайды. [17, с 130-131]

Қазіргі кезеңдегі Герман федеративтік республикасының федерация субъектісі болып табылатын екі қаласы – Гамбург пен Бремен бүгінде “Ганзейлік” қалалар деп ресми түрде аталады.

Конфедеративтік мемлекеттің кең тараған үлгісі әдебиеттерде кеңінен айтылып жүрген Швейцария болып табылады. Швейцарияда конфедеративтік мемлекет 1291 жылғы үш кантонның, яғни Ури, Швица және Унтервальденнің арасындағы одақ құру жөніндегі шарттың негізінде қалыптасқан деп саналады. Кейбір авторлар Швейцариядағы конфедерацияның құрылуын 1315 жыл деп санайды, яғни Моргартенде Австриялық әскерді кантондардың жеңуімен байланыстырады. [18, с

102] Немесе 1648 жылғы халықаралық мойындаудан Швейцария конфедерациясы бастау алатындығын да қолдайтын авторлар бар. XI ғасырдың аяғы мен XII ғасырдың басында Швейцария аумағындағы ең ірі феодалдық герцогтерге Церинген, Кибургтер, Савойскилер, Габсбургтердің иеліктері жатқан болатын. Габсбургтер Ури, Швица және Унтервальдердің орман кантондарын өзіне бағындыруға тырысты. XIII ғасырдың ортасындағы Габсбургтермен арадағы күрестің нәтижесінде А.Н. Чистозвоновтың айтуы бойынша мынандай келісім жасалды: “лесные кантоны заключили между собой в августе 1291 года “вечный союз”, заложивший основы Швейцарского Союза (Швейцарской Конфедерации) как фактически самостоятельного государства в рамках “Священной Римской империи”. [19, с 25] Қазіргі кезде 1 тамыз Швейцарияда конфедерацияның құрылған күні ұлттық мереке ретінде аталып өтіледі.

Императорлар өздерінің кантондарының империяға тәуелділігін сақтай отыра, Габсбургтердің билігінен 1291, 1297, 1309 жылдардағы грамоталар арқылы арылған болатын. Габсбургтің ормандық кантондарды бағындыруға деген әрекеттері 1315 жылғы Моргартендегі соғыстың нәтижесінде сәтсіздікке ұшырады.

XIV – XV ғасырларда Швейцария Одағы аумақтық және әскери-саяси тұрғыдан күшейе түсті. Швейцария Одағының құрамына Габсбургтер билігіндегі Люцерн 1332 жылы кірсе, 1351 жылы Цюрих, 1352 жылы Гларус пен Цуг, 1353 Берн кірген болатын. Швейцария Одағының одан ары дамуы Р.В. Поповтың айтуы бойынша былай өрбіді: “Конфедерация формировалась в постоянных войнах с Габсбургами, стремившимися вновь подчинить освободившиеся земли. В 1386 г. Союзники разгромили войска Габсбургов при Земнахе, в 1388 г. при Нфельсе. Габсбурги вынуждены были признать существование Конфедерации 8 кантонов (1389 г.). в 1481 г. к Союзу присоединились Фрибур (Фрибург) и Золотурп. Так называемая Швейцарская или Швабская война 1499 г. закончилась установлением фактической независимости Швейцарии от империи. В 1501 г. в Союз были приняты на правах кантонов Базель и Шафхаузен, в 1513 г. – Аппенцелль, таким образом, образовалась Конфедерация 13 кантонов (просуществовавшая до 1798 г) . [20, с 18]” Швейцария конфедерациясының құрамына өздерінің сыртқы және ішкі саясатын шешуде дербестігі бар кантондармен қатар одақтық жерлер (Санкт-Галлен, Граубюнден, Женева т.б.) енді.

Конфедерацияда 1798 жылға дейін орталық мемлекеттік органдар жүйесі болған жоқ, оның орнына ара-кідік жалпыодақтық Сейм - Тагзатцунги шақырылып отырған. Бұл Сеймде тек толық құқылы кантондардың ғана шешуші дауысы болды. Жалпы одақтың әкімшілік, әскер, қаржы т.б. органдары болмады. Ары қарай Швейцария конфедерациясы мына бағытта дамыған болатын: “Весной 1798 г. французские войска вступили в Швейцарию, 5 марта заняли Берн. Конфедерация 13 кантонов распалась. 12 апреля в городе Ааргау при поддержке Франции была провозглашена Гельветическая республика (в состав ее, наряду с прежними 13 кантонами, вошли Вале, Леман, Ааргау, Беллинцона, Лугано, Реция, Зарганс, Тургау и Сант - Галлен), введена конституция (составлена по образцу французской Конституции 1795 г.). Швейцария становилась централизованным унитарным государством. Одновременно в Швейцарии развертывается и борьба между унитариями и федералистами. В феврале 1802 г. была принята новая, так называемая Мальмезонская конституция (от названия города Мальмезон, где происходили переговоры унитариев с федералистами), предоставлявшая кантонам ограниченное самоуправление. 19 февраля 1803 г. Наполеон I издал “Акт о медитации”, восстанавливающий (с некоторыми изменениями) существовавшее до 1798 г. государственное устройство Швейцарии. Кроме прежних 13 кантонов, в состав Союза включались Граубюнден, Ааргау, Тургау, Санкт-Галден, Тичино”. [21, с 102]

Кейіннен Наполеонның империясы құлай бастағанда Швейцарияның Одақтық Сеймі “Медиация туралы актіні” жойды. Швейцария 1813 жылдың 29 желтоқсанында нейтралитет (қалыс қалу) ұстайтындығын жариялады. 1815 жылғы 20 наурыздағы Декларациямен Швейцария “мәңгілік нейтралитет” ұстайтындығын негіздеді.

1815 жылғы тамыз айында мақұлданған жаңа одақ туралы шартқа сәйкес Швейцария конфедерациясының құрамындағы кантондар өздерінің тәуелсіздігін сақтап қалды. Швейцария 22 тәуелсіз кантондардың бірлестігі болып табылды. Кантондардың өздері шығаратын ақшалары, өздерінің азаматтықтары болды. Сыртқы елдермен сауда - саттық қатынастарына дербес өз аттарынан түсе алатын. Сонымен бірге, мемлекеттің ішкі құрылысын, басқару жүйесін дербес анықтай алатын еді. Бір кантонның тұрғындары араларында өзара келісім болмаса, екінші бір кантонға барып тұра алмайтын еді. Одақтық билікке негізінен саяси және әскери мәселелерді шешу берілген. Швейцария парламенті - Сейм өкілді орган емес, кантондардың уәкілетті жиналысы қызметін атқарды. Сеймнің сессиялары беделді үш кантон - Берн, Цюрих, Люцернде өткізілді. Конфедерацияның Үкіметі - Атқару Кеңесінің ешқандай өкілеттігі болмады. Одақтың қаржылық негізі болған жоқ. Қоғам өміріндегі экономикалық және саяси мәселелердің барлығын кантондар

шешкен болатын. Сондықтан 1815 жылы Швейцарияда конфедерациялық құрылым қайтадан орнына келтірілді. Көптеген авторлар Швейцариядағы 1815 - 1848 жылдар аралығындағы құрылымды конфедерация деп толығымен мойындайды. Швейцарияда 1291 және 1798 жылдар аралығында, 1815-1848 жылдарда конфедерациялық құрылым үстемдік құрды.

Швейцариядағы экономикалық дағдарыстың өрши түсуі 1829 жылдары Жаңа Одақтық билік жүйесін қалыптастыруды алға тартты. Оның негізі болып 1787 жылғы АҚШ Конституциясындағы билік жүйесі алынды. Швейцариядағы әртүрлі саяси теке-тірестердің нәтижесінде 1848 жылы Конституция қабылданады. Оған сәйкес Швейцария мемлекеттердің одағынан (Staatenbund), одақтық мемлекетке (Bundesstaat) айналады. Яғни, бұл Швейцарияның федеративтік мемлекет болғандығын білдіреді. 1848 жылғы конституцияға сәйкес Швейцария біртұтас федеративтік мемлекет болды. Орталық заң шығару органы-федеративтік жиналыс құрылды. Ол екі палатадан тұрды: Ұлттық Кеңес және Кантондар Кеңесі. Атқару билігін федеративтік кеңес жүзеге асырды. Астанасы-Берн қаласы болып белгіленді. Ал 29 мамыр 1874 жылы конституция орталық билік органдарының өкілеттігін кеңейтті. Шіркеудің қызметін шектеді, федеральдық сотты құрды.

Конфедерациялық мемлекеттер көріп отырғанымздай, біркелкі құрылып өмір сүрген жоқ. Олар негізінен сол кезеңдердегі өзгерістерге бейімделе отыра, бірде гүлдене түсе, бірде жойылып кетіп тұрды.

1. Шведов А.А. Независимая Африка: внешнеполитические проблемы, дипломатическая борьба. – М.: Политическая литература, 1983. – 270 с.
2. Дементьев И.А., Генин И.А. Объединенная Арабская Республика. М.: государственное издательство географической литературы. – 1959. – 88 с.
3. Объединенная Арабская Республика. Справочник / Отв. ред. М.В. Малюковский, Б.Г. Сейранян. – М.: Наука, 1968. – 440 с.
4. Ицкович А. Федерализм как форма решения вопроса территориально-политической ориентации общества (международный опыт) // Обозреватель. – 1997. - №3-4. – С. 36-42.
5. Ажаева В.С. Канадские модели федерализма // Российские исследования по канадской проблематике: труды РАИК Вып. 3. / Отв. ред. В.А. Коленеке. - М., 1999. – С. 182-204.
6. Решетников Ф.М. Правовые системы стран мира. Справочник. – М.: Юридическая литература, 1993. – 256 с.
7. Федерализм: Теория. Институты. Отношения: (Сравнительно-правовое исследование) / Автономов А.С., Васильев Т.А., Чиркин В.Е. и др. / Отв. ред. Б.Н. Топорнин. - М.: Юристъ, 2002. – 376 с.
8. Маевский И. Федерализм. – М., Киев: Книгоиздательство И.Маевского, 1917. – 78 с.
9. Ященко А. Международный федерализм: идеи юридической организации человечества в политических учениях до конца ХУІІІ в. – М.: 1908. – 321 с.
10. Петров В.С. Сущность, содержание и форма государства. - Л.: Наука, 1971. – 262 с.
11. Стучка И. Учение о государстве и о конституции РСФСР. - М.: Красная Новь, 1922. – 102 с.
12. Кастель Е.Р. Германский федерализм: историко-правовое исследование: Автореф... дисс. докт. юр.наук.: 12.00.01. – Екатеринбург, 1994. – С. 42.
13. Градовский А.Д. Государственное право важнейших европейских держав: Лекции, СПб., 1895. – 425 с.
14. Ященко А.С. Теория федерализма: Опыт синтетической теории права и государства. – М.: Юрьев, 1912. – 841 с.
15. Каменская Г., Радионов А. Унитарное государство – Федерация-Конфедерация // Российская провинция. – 1993. - №1. – С. 3-6.
16. Еллинек Г. Общее учение о государстве. – СПб., 1908. – 599 с.
17. Жилин А.А. Теория союзного государства: Разбор главнейших направлений в учении о союзном государстве и опыт построения его юридической конструкции. – Киев, 1912. – 212 с.
18. Градовский А.Д. Государственное право важнейших европейских держав. – СПб., 1885. – 425 с.
19. Чистозвонов А.Н. Очерки по истории Швейцарии ХІІІ-ХУІ вв. – М., 1968. – 325 с.
20. Попов Р.В. Конфедерация государств: история и современность: Дисс... на соиск. канд. юр. наук.: 12.00.01. – Москва. – 2002. – 200 с.

In given article the historical-law basises of establishment of confederation of west Europe is discussed.

В данной статье рассматриваются историко-правовые основы становления конфедеративного устройства Западной Европы.

Б.С. Абдуллаева

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ, АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Адамзат баласы мына кара жерде пайда болғалы бері небір оқылым заманалар өтіп, қаншама ұрпақтар жалғасын табуға. Алайда, өзге жаратылыстардан адамзат баласы ақылды сана – сезімі күшті болғанымен нағыз әділетті, нағыз мамыражай қоғам құра алмай келеді.

Адам баласы өмірге бір – ақ рет келеді. Бұл жалған ешкімге мәңгілік, тұрақты емес. Әркім жарық дүниеде еркіндік пен бостандықта өмір сүргісі келеді. Әрине, адам жалғыз өмір кеше алмайды, қоғамдасып өмір сүреді, қоғамның белсенді субъектісі. Адам қоғамдық құрылымда, оның бірлігінде, институттарында, ұйымдарында, әрекет ететін шешуші тұлға. Сөйтіп, адам біртұтас, әлеуметтік